

Ақпарат .

Қазақстан Республикасы

аллергологтары - иммунологтарының форумы

2025 жылдың 16–17 қазанында Алматы қаласында, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде Қазақстан Республикасының аллерголог-иммунолог дәрігерлерінің Халықаралық форумы жоғары деңгейде және үлкен аншлаппен өтті.

Форумда әлемдік деңгейдегі ғалымдар сөз сөйледі:

Профессор Arzu Yorgancioglu — MD, PhD, Еуропалық респираторлық қоғамының (ERS) вице-президенті, GINA Директорлар кеңесінің төрайымы.

Тақырыбы: «GINA 2025-тегі жаңалықтар. Астманың менеджменті».

Профессор Maia Gotua — MD, PhD, Аллергия және иммунология орталығының директоры, Грузияның аллергологтар мен иммунологтар ұлттық академиясының президенті.

Тақырыбы: «Клиникалық тәжірибедегі анафилаксияға шолу».

Форум тәжірибе мен білім алмасудың маңызды алаңына айналды. Біз үшін Жоғары Деңгейдегі Кәсіби маман — Сіздермен кездесуіміз үлкен құрмет болды.





